



БҮЙРЫҚ

2018. 28. 04


Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 496

город Астана

«АСТАНА-1» ақпараттық жүйесінде  
электронды нысанда кедендік  
декларациялау кезінде тауарларға  
арналған декларациялардың  
бағандарын толтыру ерекшеліктерін  
бекіту туралы



БҮЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесінде электронды нысанда кедендік декларациялау кезінде тауарларға арналған декларациялардың бағандарын толтыру ерекшеліктері (бұдан әрі – Ерекшеліктер) бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінде көзделген кедендік рәсімдермен орналастыру кезінде «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесінде электронды нысанда кедендік декларациялау бойынша пилоттық жобаны жүргізу кезеңіне көрсетілген Ерекшеліктер таратылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Тенгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2)

және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап, туындаған құқықтық катынастарға таратылады және 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болады.

**Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлінің  
міндетін атқарушы**



R. Бекетаев

A handwritten signature in blue ink, appearing to read "Р. Бекетаев".

Қазақстан Республикасы  
 Қаржы министрінің  
 2018 жылғы «04»  
№496 бүйрекшімен  
 бекітілген

**«АСТАНА-1» ақпараттық жүйесінде электронды нысанда кедендік декларациялау кезінде тауарларға арналған декларациялардың бағандарын толтыру ерекшеліктері**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесінде электронды нысанда кедендік декларациялау кезінде тауарларға арналған декларациялардың бағандарын толтыру ерекшеліктері (бұдан әрі – Ерекшеліктер) «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – АЖ) енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру шеңберінде әзірленген және Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген, Кедендік декларацияларды толтыру және кедендік декларациялардың нысандары жөніндегі нұсқаулықтан (бұдан әрі – Нұсқаулық) өзгеше, электронды нысанда кедендік декларациялау кезінде тауарларға арналған декларациялардың бағандарын толтыру ерекшеліктерін айқындайды.

2. АЖ пайдаланушысы ретінде тіркелу Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 321 бүйрекшімен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16596 тіркелген болып тіркелген) бекітілген, Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесінің пайдаланушысы ретінде тіркелу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3. АЖ-да электронды нысанда кедендік декларациялау кезінде ТД бағандары осы Ерекшеліктерде көзделген ережелерді қоспағанда, Нұсқаулыққа сәйкес толтырылады.

**2-тарау. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін (әкелінген) ТД-ға мәліметтерді енгізу тәртібі**

4. АЖ-да электронды нысанда кедендік декларациялау кезінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін (әкелінген) ТД бағандарына мәліметтер Нұсқаулықтың II бөліміне сәйкес, мынадай ерекшеліктерді қоспағанда енгізіледі:

- 1) 5-баған. «Барлық тауарлар»

ТД декларацияланатын тауарлардың жалпы саны цифрлық нышандармен автоматты түрде көрсетіледі.

**2) 7-баған. «Анықтамалық нөмір»**

Бағанда белгіленген мәліметтерге қосымша АЖ беретін декларанттың анықтамалық нөмірі көрсетіледі.

**3) 8-баған. «Алуны»**

Бағанның оң жақ жоғарғы бұрышында белгіленген мәліметтерге қосымша «№» белгісінен кейін тиісінше бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) не жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) немесе бірегей сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) көрсетіледі.

Бұл ретте егер осы бағанда мәлімдеуге жататын мәліметтер ТД 14-бағанында мәлімдеуге жататын мәліметтерді қайталаса, онда мұндай мәліметтерді АЖ автоматы түрде ТД 14-бағанынан енгізеді.

**4) 9-баған. «Қаржылық реттеу үшін жауапты тұлға»**

Бағанның оң жақ жоғарғы бұрышында белгіленген мәліметтерге қосымша «№» белгісінен кейін тиісінше БСН/ЖСН/БСН көрсетіледі.

Егер шетелдік тұлға қаржылық реттеу үшін жауапты тұлға болып табылса, бағанның оң жақ жоғарғы бұрышында тиісінше БСН/ЖСН/БСН көрсетіледі.

Бұл ретте егер осы бағанда мәлімдеуге жататын мәліметтер ТД 14-бағанында мәлімдеуге жататын мәліметтерді қайталаса, онда мұндай мәліметтерді АЖ автоматы түрде ТД 14-бағанынан енгізеді.

**5) 13-баған. «Мөлшерлеме түрлер»**

Бағанға мынадай:

FIXED – жерқойнауын (отын-энергетика секторын) пайдалану саласында туындаған құқықтық қатынастар бойынша бекітілген кедендей баждар, салықтар мөлшерлемесі;

UNION – Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендей тарифінің кедендей әкелу баж мөлшерлемесін қолдану;

WTO – Дүниежүзілік сауда үйімінде Қазақстан Республикасының міндеттемесі көзделген, Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендей тарифінің қолданыстағы кедендей әкелу баж мөлшерлемесімен салыстырғанда неғұрлым тәмен кедендей әкелу баж мөлшерлемесін қолдану ерекшеліктерін ескере отырып мәліметтер енгізіледі.

**6) 14-баған. «Декларант»**

Бағанның оң жақ жоғарғы бұрышында белгіленген мәліметтерге қосымша «№» белгісінен кейін тиісінше БСН/ЖСН/БСН көрсетіледі.

Егер шетелдік тұлға тауарлар декларанты болып табылса, бағанның оң жақ жоғарғы бұрышында тиісінше БСН/ЖСН/БСН көрсетіледі.

**7) 30-баған. «Тауарлар тұрған жер»**

Бағанда белгіленген мәліметтерге қосымша «Қазақстан Республикасындағы кедендей реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 165-бабына сәйкес тауарлар уақытша сақтау

қоймасында, жеке меншік тауарларды сақтау қоймасында, кеден қоймасында, еркін қоймада, бажсыз сауда дүкендерінде, үй-жайларда, ашық алаңдарда және өзге аумақтарда, оның ішінде уәкілетті экономикалық операторда болған жағдайда олардың тұрган жері туралы мәліметтер мынадай ерекшеліктерді ескере отырып енгізіледі:

**XX XXXXX XXXX XXXX X**

1 2 3 4 5, мұнда:

1 – «Кедендік декларацияны толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы» Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне (бұдан әрі – Жіктеуіштер бойынша шешімі) 24-қосымшаға сәйкес Тауарлар тұрган жердің жіктеуіштеріне сәйкес тауарлар тұрган жердің коды;

2 – «Кеден мақсаты үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының кодтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының 2015 жылғы 6 ақпандағы № 66 бүйріғына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының 2017 жылғы 18 тамыздағы № 386 бүйріғымен бекітілген, Қазақстан Республикасында қолданылатын тізілімге заңды тұлғаны енгізген мемлекеттік кірістер органының коды;

3 – тізілімге заңды тұлға енгізілген күнтізбелік жыл;

4 – Кодекстің 166, 511, 518, 525 және 533 баптарына сәйкес тізілімге заңды тұлғаны енгізу туралы бүйріқтың нөмірі;

5 – тізілімге заңды тұлғаны енгізу туралы бүйріқты бірнеше аумақтық мемлекеттік кірістер органдары қайталанған жағдайда – цифрлық белгі: «1», тізілімге заңды тұлға бір бүйріқпен енгізілген жағдайда – «0».

Тауар еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақта тұрган жағдайда бағанға мынадай ерекшеліктерді ескере отырып мәліметтер енгізіледі:

**XX XXXXX XXXX XX XXX**

1 2 3 4 5, мұнда:

1 – Жіктеуіштер бойынша шешімге сәйкес еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ коды;

2 – арнайы экономикалық аймаққа (бұдан әрі – АЭА) қатысушы қызмет аймағында орналасқан кеден органының коды;

3 – АЭА қатысушыларын тізілімге енгізу жазбасы жүргізілген күнтізбелік жыл;

4 – «Арнайы экономикалық аймаққа қатысушылардың бірыңғай тізілімін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрдің орынбасары – Қазақстан Республикасы Индустріялар және жаңа технология министрінің 2011 жылғы 112 желтоқсандағы № 454 бүйріғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7354 болып тіркелген) сәйкес АЭА қатысушы аумағында қызметті жүзеге асыратын АЭА-ға қатысушының коды;

5 – АЭА қатысушы ретінде тұлғаны тіркеу туралы қуәліктің нөмірі.  
Мәліметтер ашық жолсыз көрсетіледі.

Егер көлік құралы немесе тауарды өзге уақытша сақтау орны тауарларды уақытша сақтау орны болып табылған жағдайда, бағанда мынадай:

көлік құралы үшін – 5200000000000000;

тауарды өзге уақытша сақтау орны үшін – 9900000000000000 кодтар көрсетіледі.

### 8) 33-баған. «Тауар коды»

Бағаның бірінші кіші бөлімінде «Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасын және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифті бекіту туралы» Еуразиялық экономикалық комиссиясы Кенесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚТН) сәйкес тауардың он таңбалы жіктеу коды ашық жолсыз көрсетіледі.

Бағаның екінші кіші бөлімінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 21 ақпандағы № 259 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16512 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Кедендік декларациялау кезінде пайдаланылатын тыйым салулар мен шектеулерді сақтауды растайтын, Код жіктеуішіне сәйкес тыйым салулар мен шектеулерді сақтау коды көрсетіледі;

Бағаның үшінші кіші бөлімінде:

акцизделетін тауарлар үшін акциздің қосымша коды;

демпингке қарсы, өтемақы баждарының не қорғау баждарының қосымша коды көрсетіледі.

### 9) 38-баған. «Нетто салмағы (кг)»

Көрсетілетін мәні үтірден кейін алты таңбаға дейін дөңгелектенеді.

### 10) «В» баған. «Егжей-тегжейлі есептеу»

Өндіріп алу кеден органына жүктелген кедендік төлемдерді, өзге де төлемдерді төлеу туралы мәлімет мынадай схема бойынша:

1-элемент – «Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы» Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне (бұдан әрі – Өндіріп алу кедендік органына жүктелген салықтар, алымдар және өзге де төлем түрлерінің жіктеуіштері) 9-қосымшаға сәйкес өндіріп алу кедендік органына жүктелген салықтар, алымдар және өзге де төлем түрлерінің жіктеуіштеріне сәйкес төлем түрі кодының реттік нөмірі;

2-элемент – Өндіріп алу кеден органына жүктелген салықтар, алымдар және өзге де төлем түрлерінің жіктеуіштеріне сәйкес төлем түрінің коды;

3-элемент – өндіріп алу кеден органына жүктелген төленген кедендік төлем және өзге де төлем сомасы қалыптастырылады.

### 11) 48-баған. «Төлемді кейінге қалдыру»

Бағаның бірінші кіші бөлімінде декларанттың БСН/ЖСН көрсетіледі.

Бағанның екінші кіші бөлімінде Өндіріп алу кеден органына жүктелген салықтар, алымдар және өзге де төлем түрлерінің жіктеуіштеріне сәйкес кедендік төлем немесе кері импорт кезіндегі төлем түрінің коды, сондай-ақ төлеудің соңғы күніне сәйкес келетін күн (XX.XX.XXXX – күні, айы, жылы) көрсетіледі.

Егер кедендік төлемді немесе кері импорт кезінде төлемді төлеу бойынша кейінгे қалдыру, бөліп төлеу ұсынылмаса, бағанда мәліметтер көрсетілмейді.

### 12) 49-баған. «Қойма деректемелері»

Бағанның бірінші кіші бөліміне тиісті рәсімдер үшін осы тармақтың 7) тармақшасына сәйкес тауарлардың түрған жерінің деректемелері туралы мәліметтер енгізіледі.

Екінші кіші бөлімінде күнтізбелік күндерде мәлімделген кедендік рәсім мерзімі көрсетіледі.

1 нөмірімен – егер тауарларды декларациялауды кеден өкілі жүргізсе, Кеден өкілінің тізіліміне түлғаны енгізу туралы куәландыратын құжат нөмірі.

1 нөмірімен көрсетілген мәліметтер, егер ТД 14-бағанында көрсетілген декларант тауарларды декларациялауды жүргізсе көрсетілмейді.

2 нөмірімен – ТД жасаған жеке түлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде).

## **3-тaraу. Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетілетін ТД мәліметтерін енгізу тәртібі**

5. Тауарларды электронды нысанда кедендік декларациялау кезінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетілетін ТД бағандарына мәліметтер Нұсқаулықтың III-бөліміне сәйкес, мынадай ерекшеліктерді қоспағанда енгізіледі:

### 1) 2-баған. «Жөнелтуші/Экспорттаушы»

Бағанның оң жақ жоғарғы бұрышында белгіленген мәліметтерге қосымша «№» белгісінен кейін тиісінше БСН/ЖСН/БСН көрсетіледі.

Егер шетелдік тұлға, сондай-ақ ЕАЭО мүше мемлекеттен өзге ЕАЭО мүше мемлекетте тіркелген тұлға ТД берілетін кеден органына тауарларды жөнелтуші болып табылса, бағанның оң жақ жоғарғы бұрышында тиісінше БСН/ЖСН/БСН көрсетіледі. Егер осы бағанда мәлімдеуге жататын мәліметтер ТД 14-бағанында мәлімдеуге жататын мәліметтерді қайталаса, онда мұндай мәліметтерді АЖ автоматы түрде ТД 14-бағанынан енгізеді.

### 2) 9-баған. «Қаржылық реттеу үшін жауапты тұлға»

Бағанның оң жақ жоғарғы бұрышында белгіленген мәліметтерге қосымша «№» белгісінен кейін тиісінше БСН/ЖСН/БСН көрсетіледі.

Егер шетелдік тұлға, сондай-ақ ТД берілетін, ЕАЭО мүше мемлекеттен өзге ЕАЭО мүше мемлекетте тіркелген тұлға қаржылық реттеу үшін жауапты

тұлға ретінде әрекет етсе, бағанның оң жақ жоғарғы бұрышында тиісінше БСН/ЖСН/БСН көрсетіледі.

Бұл ретте егер осы бағанда мәлімдеуге жататын мәліметтер ТД 14-бағанында мәлімдеуге жататын мәліметтерді қайталаса, онда мұндай мәліметтерді АЖ автоматы түрде ТД 14-бағанынан енгізеді.

**3) 43-баған. «ҚАӘ коды»**

Бағанда «1» көрсетіледі.

4) Нұсқаулықтың II бөлімінде ТД 12, 43, 45-бағандарын толтыру үшін белгіленген тәртіппен 12, 43, 45-бағандарына мәліметтер енгізіледі.

5) осы Ерекшеліктің 2-тарауында көрсетілген бағандар үшін белгіленген тәртіппен 5, 7, 8, 13, 14, 30, 33, 38, 48, 49, 54-бағандарына және «В» бағанына мәліметтер енгізіледі.

**4-тарау. ЕКА немесе еркін қойма кедендік рәсімдерінде ЕАЭО тауарларын декларациялау кезінде ТД мәліметтерді енгізуіндегі ерекшеліктері**

6. Еркін кедендік аймақ (бұдан әрі – ЕКА) немесе еркін қойма кедендік рәсімдерінде ЕАЭО тауарларын электронды нысанда кедендік декларациялау кезінде декларант ТД бағанына Нұсқаулықтың IV-бөліміне сәйкес, мынадай ерекшеліктерді қоспағанда мәліметтерді енгізеді:

1) осы Ерекшеліктің 3-тарауында көзделген ТД толтыру тәртібіне сәйкес ТД 2, 9, 12, 43 және 45-бағандарына мәліметтер енгізіледі.

2) осы Ерекшеліктің 2-тарауында көзделген ТД толтыру тәртібіне сәйкес мәліметтер ТД 5, 7, 8, 13, 14, 30, 33, 38, 48, 49, 54-бағандарына және «В» бағанына енгізіледі.

**5-тарау. Тауарлардың жекелеген санаттары үшін ЕКА немесе еркін қойма кедендік рәсімдерінің колданысын аяқтау кезінде кері импорт немесе ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімдерінде ТД мәліметтерді енгізуіндегі ерекшеліктері**

7. ЕКА және еркін қойма кедендік рәсімдермен тауарларды декларациялау кезінде арнайы инвестициялық келісімшартты жасасқан немесе моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасқан декларант үшін ЕКА және еркін қойма кедендік рәсімдермен тауарларды декларациялау кезінде белгіленген мәліметтерге қосымша:

**1) 36-бағанда. «Преференция»**

«ИП», «ИК» немесе «СА» Кедендік төлемдерді төлеу бойынша женелдіктер жіктеуіштеріне сай Жіктеуіштер бойынша шешімінің 7-қосымшасына сәйкес;

**2) 47-бағанда. «Төлемдерді есептеу»**

«Төлемнің ерекшелігі» СП бағанында келесі мәліметтер көрсетіледі:

кедендік әкелу баждарының, қосылған құн салығының жолында «Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы» Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне (бұдан әрі – Кедендік және өзге төлемдерді төлеу ерекшеліктерінің жіктеуіштері) 10-қосымшасына сәйкес Өндіріп алу кеден органдарында жүктелген кедендік және өзге төлемдерді төлеу ерекшеліктерінің жіктеуіштеріне сәйкес «УН» коды көрсетіледі.

арнайы, демпинге қарсы баждар, өтемақы баждары жолында Өндіріп алу кеден органдарында жүктелген салықтар, алымдар және өзге төлем түрлерінің жіктеуіштеріне сәйкес «УР» коды көрсетіледі.

8. Тауарлардың жекелеген санаттары үшін ЕКА немесе еркін қойма кедендік рәсімдерінің қолданысын аяқтау кезінде кері импорт немесе ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімдерінде тауарлар электронды нысанда кедендік декларациялау кезінде декларант Нұсқаулықтың V-бөліміне сәйкес мәліметтерді ТД бағандарына, мынадай ерекшеліктерді қоспағанда:

1) Нұсқаулықтың II-бөлімінде көзделген ТД толтыру тәртібіне сәйкес ТД 6-бағанына мәліметтерді;

2) Осы Ерекшеліктің 2-тарауына сәйкес 5, 7, 8, 9, 13, 14, 30, 33, 38, 49, 54-бағандарына және «В» бағанына мәліметтерді енгізеді.

9. ЕКА және еркін қойма кедендік рәсімдерінің қолданысын аяқтау кезінде ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімінде тауарларды электронды нысанда кедендік декларациялау кезінде арнайы инвестициялық келісімшартты жасасқан немесе моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасқан декларантпен 47-бағанға:

кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпинге қарсы баждарды, өтемақы баждарын төлеу кезінде мәліметтер Нұсқаулықтың II-тарауына сәйкес енгізіледі;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеуден босатылатын кедендік әкелу баждар, қосылған құн салығы туралы мәліметтер енгізілмейді.

#### **6-тарау. Тауарлардың жекелеген санаттары үшін ЕКА немесе еркін қойма**

**кедендік рәсімдерінің қолданысын аяқтау кезінде кері экспорт немесе экспорт кедендік рәсімдерінде ТД мәліметтерді енгізуіндің ерекшеліктері**

10. Тауарлардың жекелеген санаттары үшін ЕКА немесе еркін қойма кедендік рәсімдерінің қолданысын аяқтау кезінде кері экспорт немесе экспорт кедендік рәсімдерінде электронды нысанда кедендік декларациялау кезінде декларант осы Нұсқаулықтың VI-бөліміне сәйкес мынадай ерекшеліктерін қоспағанда, мәліметтерді:

1) осы Ерекшеліктің 2-тарауына сәйкес енгізілетін мәліметтерді 5, 7, 8, 9, 13, 14, 30, 33, 38, 48, 49, 54-бағандарына және «В» бағанына;

2) осы Ерекшеліктің 3-тарауында көзделген ТД тотыру тәртібіне сәйкес мәліметтерді ТД 2, 9, 12, 43 және 45-бағандарына (әкету кезінде) енгізеді.

**7-тaraу. Электр беру желісі бойынша және құбыржол көлігімен өткізілетін тауарларды декларациялау кезінде ТД мәліметтерді енгізудің ерекшеліктері**

11. Электр беру желісі бойынша және құбыржол көлігімен өткізілетін тауарларды декларациялау кезінде декларант Нұсқаулықтың VI<sup>1</sup>-бөліміне сәйкес бағандарға, мынадай ерекшеліктерді қоспағанда:

1) осы Ерекшеліктің 2-тарауына сәйкес 5, 7, 8, 9, 13, 14, 30, 33, 38, 48, 49, 54-бағандарына және «В» бағанына (әкелу кезінде) мәліметтерді;

2) осы Ерекшеліктің 3-тарауында көзделген ТД тотыру тәртібіне сәйкес ТД 2, 9, 12, 43 және 45-бағандарына (әкету кезінде) мәліметтерді енгізеді;

3) 2, 8, 9 және 14-бағандарда ұйым филиалының БСН ретінде:

бағанның жоғарғы бөлігінде – ұйымның филиалы туралы мәлімет; бағанның төменгі бөлігінде – филиал оның атынан әрекет ететін ұйымның мәліметі көрсетіледі.